

**Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 123
«2018-2020 жылдарға арналған Қарауылкелді ауылдық округ бюджетін бекіту туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 109-1 бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 123 «2018-2020 жылдарға арналған Қарауылкелді ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5800 санымен тіркелген, 2018 жылғы 17 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - «291 048,0» сандары «298 435,5» сандарымен ауыстырылсын, оның ішінде:

трансферттердің түсімдері - «260 716,0» сандары «268 103,5» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - «291 048,0» сандары «298 435,5» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.